QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №35 (2037) 28 ҚЫРКҮЙЕК 2026 ЖЫЛ

1 қазан – Жоғары білім қызметкерлері күні

Білімді елдің бәсі биік



Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері мен жас ғалымдары!

Сіздерді 1 қазан – Жоғары білім қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мұғалімдер мерекесі қарсаңындағы бұл атаулы күн отандық білім мен ғылымды дамытып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп жүрген кәсіби мамандардың еңбегін ұлықтайды.


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Бүгінгі таңда білім мен ғылым, инновация мен озық технология – дәуірдің басты қаруы. Жаһандық бәсекеде білімді, зияткер елдер ғана алға шығады», – деп айрықша атап өткен болатын. Бұл сөздер әрбір жоғары оқу орнының, әсіресе еліміздің жетекші университетінің стратегиялық бағытын айқындап берді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тәуелсіздік жылдарында халықаралық деңгейде мойындалған зерттеу университетіне дейінгі ауқымды тарихи жолдан өтті. Бүгінде қара шаңырағымыз жаһандық QS World University Rankings рейтингінде 177-орынды иеленіп, Орталық Азияда көш бастап тұр. Оқу орнымыз сапалы білім берумен қатар, заманауи зертханалар аша отырып, озық технологиялық шешімдерді қалыптастыратын ауқымды инновациялық хабқа айналды.

Біздің басты мақсатымыз – ҚазҰУ-дың әлемнің ең үздік оқу орындары қатарындағы орнын одан әрі нығайтып, оны Орталық Азияның халықаралық ғылыми-білім беру және технологиялық орталығына айналдыру. Жоғары білім мен ғылымды өркендету жолындағы сіздердің әрбір істеріңіз мемлекетіміздің зияткерлік әлеуеті үшін орасан зор маңызға ие. Адал қызмет пен қажырлы еңбектің нәтижесінде біз бұл межеге де абыроймен жететінімізге сенімім мол.

Кәсіби мерекеде сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, сарқылмас қайратжігер, шығармашылық табыстар мен жаңа ғылыми биіктерді бағындыруды тілеймін!

Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Щучинск қаласында өтіп жатқан «Ұлы Алтай – түркілердің атамекені» атты III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

Түркі өркениетінің тарихы талқыланды

Халықаралық форумға Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Моңғолия, Өзбекстан, Түрікменстан, Түркия, Венгрия, Болгария, Бельгия, Ұлыбритания, Швеция, Германия және АҚШ-тан 100-ден астам ғалым мен сарапшы жиналды. Жиында Ұлы Алтайдың тарихи мұрасын зерттеудің жаңа тәсілдері, археологиялық деректер, түркі тілдерінің дамуы, ежелгі мемлекеттердің тарихы және этномәдени үдерістерге қатысты ғылыми еңбектер таныстырылды.

Пленарлық отырысты Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жүргізді. Қатысушыларға Қазақстан Республикасының вице-президенті Ерлан Қарин құттықтау сөз арнады. Ол түркі әлемінің қалыптасу үдерістерін зерделеуде тарихи зерттеулердің маңызын атап өтіп, Еуразия халықтарының тарихи байланыстары мен ортақ мәдени мұрасын тереңірек танудың маңызына тоқталды.

Ресей Федерациясы Президенті Әкімшілігінің гуманитарлық саясат саласындағы Мемлекеттік саясат басқармасының басшысы Владимир Бочарников ғылыми ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және бірлескен зерттеулерді жалғастыруға назар аударды.

Пленарлық бағдарламада Ұлы Алтайдың тарихы мен мәдениетіне қатысты ғылыми баяндамалар ұсынылды. Зерттеушілер Ботай мәдениеті, көне тілдер және Орталық Азиядағы тілдік кеңістіктің қалыптасуы туралы тың деректер келтірді. Сонымен қатар Батыс Түрік және Хазар қағанаттарының тарихи сабақтастығы, Еуразия даласында жүрген саяси және мәдени үдерістер қарастырылды.


Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры, филология ғылымының докторы, профессор Жансейіт Түймебаев «Еуразия кеңістігіндегі түркі тілдері» секциясына модераторлық етті. Секция барысында ғалымдар түркі тілдерінің дамуы, тілдік байланыстар және Еуразиядағы ортақ мәдени-тілдік кеңістіктің қалыптасуына қатысты зерттеулерін ұсынды.

Конференцияны Ресей әскери-тарихи қоғамы, Ресей ғылым академиясының Шығыстану институты, Ресейдің «Білім» қоғамы және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі ұйымдастырды.

Гүл ҚҰТТЫБЕККЫЗЫ



2-3 беттер
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:
Университет – мемлекеттің интеллектуалдық іргетасы



4-бет
«Айғақ» телеарнасына сұхбат



5-бет
Ғасыр бойы шешілмеген есептің шешімін тапқан



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми қауымдастықпен кездесті, маңызды баяндама жасады. Президент сол кездесуде ұлттың менталитетін өзгерту және сана революциясын жасау жөнінде айтты. Осы бір тағдыршешті қадамды жасаудағы университет, жалпы, жоғары оқу орындарының миссиясы мен міндеті қандай?

– Мемлекет басшысы атап өткен ұлт менталитетін жаңғырту мен сана революциясын жүзеге асыруда университеттердің рөлі айрықша. Біздің пайымымызда, жоғары білім беру жүйесі тек кәсіби маман даярлайтын шеберхана емес, ол – жаңа ойлау мәдениетін қалыптастыратын, азаматтық жауапкершілігі жоғары «интеллектуалды ұлтты» тәрбиелейтін стратегиялық институт. Осы тұрғыда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің миссиясы – білім мен ғылымды дамыту арқылы интеллектуалдық көшбасшылықты қамтамасыз ете отырып, ұлттық бірегейлігімізді жаһандық кеңістікте дәріптеу. Біз үшін «сана революциясы» – ең алдымен, ұлттық құндылықтарға табан тіреп, заман ағымына икемделу. Инновацияға бейім, бірақ өз тамырынан ажырамаған, жаһандық бәсекеге қабілетті «Адал азамат» тұлғасын қалыптастыру. Қазіргі жаһандық сын-қатерлер дәуірінде басты бағдар ретінде University 5.0 моделіне көшуді қолға алдық. Бұл тұжырымдаманың өзегінде «Адам – Планета – Өркендеу» қағидаты тұр. Қарапайым тілмен түсіндіргенде, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін халықтың әл-ауқатын арттыруға, қоршаған ортаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге және ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға тиімді пайдалану. Университетті жай ғана білім ордасынан «стратегиялық шешімдер орталығы» форматына көшіріп жатырмыз. Егемендігіміздің тірегі саналатын су ресурстарының тапшылығы, энергетикалық тәуелсіздік және технологиялық дербестік секілді мәселелерге ғалымдар жүйелі әрі ғылыми негізделген жауап ұсынуы қажет. Осылайша университет мемлекеттің интеллектуалдық іргетасы әрі негізгі ғылыми-технологиялық серіктесі ретінде қарқынды қызмет атқарады.

– Қазақстан қоғамында ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты тетіктері ретінде нені айтар едіңіз?

– Жоғарыда сөз болған «сана революциясы» ұлттық тамырдан ажырамауы тиіс. Ол халқымыздың төл құндылықтары мен ұлттық бірегейлігіне сүйенген жағдайда ғана өз нәтижесін береді. Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, жаңғыру жолындағы басты бағдарымыз – ұлттық кодты сақтау. Ректор ретінде мен бұл бірегейлікті сақтаудың үш негізгі тетігін бөліп көрсетер едім.

Біріншіден, бұл – мемлекеттік тілдің ғылымдағы үстемдігі. Бірегейліктің бірінші белгісі – тіл. Қазіргі заманда тіл тек әдебиет деңгейінде қалмауы керек. Президенттің «қазақ тілі – ғылым мен техника тіліне айналуы тиіс» деген тапсырмасын естен шығармауымыз қажет. Университетте қазақ тіліндегі сапалы ғылыми еңбектерді, оқулықтарды және ғылыми терминдерді дамыту арқылы жастардың ғылымды ана тілінде меңгеруіне мүмкіндік жасап, білімді буын қалыптастырамыз.

Екіншіден, бұл – тарихи жадымызды сақтау және әл-Фараби мұрасын қазіргі заманмен сабақтастыра білу. Сана революциясы – өткенді сызып тастау емес, өткеннің асылын бүгінгінің қажетіне жарату. Университет қабырғасында «Адал азамат» идеясын әл-Фарабидің парасаттылық туралы ілімімен ұштастырып отырмыз. Өйткені ұлттық бірегейлік дегеніміз – өз тамырыңды терең сезіну. Егер жастарымыз әлемдік деңгейдегі маман болып қана қоймай, өз тарихын, мәдениетін мақтанышпен қабылдап, дәріптесе, міне, нағыз жеңіс осы.

Үшіншіден, бұл – оқшаулануданарылу, яғни бәсекеге қабілеттілік. Осы тұста Президенттің стратегиялық бағыттарына қайта оралсақ: біз төрткүл дүниеге ашықпыз, бірақ өз болмысымызды жоғалтпаймыз. Университеттің шетелдік филиалдарының ашылуы, халықаралық рейтингтердегі биік орнымыз – бұл ұлттық бірегейліктің жаһандық деңгейдегі паш етілуі. Ғаламдық аренада өзіміздің қазақстандық ғылым мектебін, өзіндік академиялық мәдениетімізді таныту арқылы бірегейлігімізді нығайтамыз. Мәселен, 2022 жылы Бішкек, Ыстамбұл және 2024 жылы Омбы қалаларында ашылған ҚазҰУ филиалдары университеттің сыртқы байланыстарын кеңейтіп, жаһандық білім беру кеңістігіндегі орнын нығайтты. ҚазҰУ базасында 2022 жылдан бастап Ұлттық ядролық зерттеу университетінің (МИФИ) филиалы ядролық физика және ақпараттық қауіпсіздік салаларында білікті мамандар даярлауда. 2023 жылы ашылған Қытай Халық Республикасының Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалы электроника, материалтану және ақпараттық технологиялар бағыттары бойынша білім береді.

Университет 700-ден астам жетекші жоғары оқу орнымен тұрақты серіктестік орнатқан. Соңғы бес жылда 420 келісім мен меморандумға қол қойылып, 60-тан астам қосдипломдық бағдарлама іске қосылды. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да дүниежүзінің 54 елінен келген 7 мыңнан астам шетелдік студент білім алуда. Оқытушылардың академиялық ұтқырлығы айтарлықтай артты: 2021 жылы шетелдік тағылымдамаларға 78 оқытушы қатысса, 2025 жылы 722 оқытушы тағылымдамадан өтті. Академиялық сапарлар Гарвард, Оксфорд, Сингапур ұлттық университеті, Токио университеті, Сеул ұлттық университеті және басқа да жетекші оқу орындарын қамтыды. Соңғы жылдары АҚШ, Еуропа және Азия елдерінен келген шетелдік профессорлар мен зерттеушілердің университеттегі үлесі тұрақты түрде артып келеді. Студенттердің халықаралық академиялық ұтқырлығы да жүйелі дамып отыр. 2021 жылы шетелдік білім беру бағдарламаларына шамамен 250 студент қатысса, 2025 жылы 965 студент Жапония, Италия, Қытай, Германия және басқа елдерде білім алды. Сонымен қатар магистранттар мен докоранттар University of Tsukuba, Université Grenoble Alpes, МИФИ, University of Tokyo, National University of Singapore сияқты жетекші ғылыми мекемелерде тәжірибе жинақтады. Түйіндей айтқанда, ұлттық бірегейлікті сақтау – оны тұмшалау емес, керісінше, ұлттық құндылықтарды жаһандану дәуірінің ғылыми-технологиялық тілінде жаңаша жеткізе білу. Жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және озық елдердің білім мен ғылым жетістіктерін игеру. Біздің студенттер – ертеңгі әлемдік деңгейдегі кәсіби мамандар, бірақ олардың жүрегінде «қазақ» деген рух пен мемлекетшілдік асқақ тұруы тиіс. Осы тетіктер толыққанды жүзеге асқанда ғана «сана революциясы» өз жемісін береді.



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор, академик:

Университет – мемлекеттің

ЖАСТАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ – ЕҢБЕК ПЕН ТӘРТІПТЕ

– Сіз бұрын да, қазір де жастармен тікелей жұмыс істеп отырсыз. Жастардың азаматтық белсенділігі мен жауапкершілігін арттыру үшін қандай құндылықтарды алдыңғы қатарға шығаруымыз қажет деп ойлайсыз? Жастардың рухани сұранысы мен мәдени талғамы жөнінде пайымыңыз қандай?

– Қазіргі буын өте прагматик, еркін ойлы және ақпаратты қас қағым сәтте игеретін ерекше ұрпақ. Оларға жалаң ұрандар мен құрғақ ақыл айту еш нәтиже бермейді. Сондықтан жастардың азаматтық белсенділігін арттыруды жоғарыда айтқан «саналы өмір сүру» қағидатымен тікелей байланыстыруымыз керек. Бұл дегеніміз – әрбір қадамды мақсатпен, жауапкершілікпен және оның қоғамға тигізер әсерін ескере отырып жасау. Жауапкершілік, әділеттілік және адалдық сияқты іргелі құндылықтар жастардың күнделікті өмірлік дағдысына айналуы қажет. Әсіресе құқықтық мәдениет пен заңды құрметтеу – белсенді азаматтың басты белгісі. Егер студент өз білімін адал жолмен алып, қоғамдық тәртіпті сақтауды өз міндеті деп білсе, бұл – «Адал азаматтың» нақты бейнесі. Біз айтып отырған «сана революциясы» мен «ұлттық бірегейлік» мәселелері де осы жастардың азаматтық жауапкершілігінен көрініс тапқаны жөн. Мемлекет басшысы «Біз жастарға еңбек пен тәртіптің қаншалықты маңызды екенін түсіндіруіміз керек. Себебі бұл – табысқа жетудің кезі. Азаматтарымыз жаңа дәуірде құқықтық сауатсыздық, әлеуметтік масылдық, жөнсіз сөз бен орынсыз сынның еш пайдасы жоқ екенін білуі қажет. Мұның бәрі – еліміздің өсіп-өркендеуіне бөгет болатын кедергілер» деп атап өтті. Өкінішке қарай, қоғамда «университет кәмелет жасына толған жастарға тәрбие бермеуі керек, оның міндеті тек білім беру ғана» деген ұғым қалыптасқан.

Алайда бұл көзқарас жоғары білім беру жүйесінің шынайы миссиясын толық ашып көрсетпейді. Әрине, университет – мектеп емес, студенттер де бала емес. Бірақ бұл тәрбие мәселесі жоғары оқу орнының жауапкершілігінен толықтай алынып тасталады деген сөз емес. Университеттің басты міндеті – кәсіби маман даярлаумен қатар, азаматтық ұстанымы берік, қоғамдық жауапкершілігі жоғары, мәдениеті мен адамгершілік құндылықтары қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Бүгінгі еңбек нарығы тек дипломы бар маманды емес, командада жұмыс істей алатын, этикалық нормаларды сақтайтын, заңды құрметтейтін, сыни ойлайтын және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін азаматтарды қажет етеді. Мұндай қасиеттер аудиториядағы дәріспен ғана емес, университеттік орта, тәрбие жұмысы, тәлімгерлік институты және студенттік өмір арқылы қалыптасады. Білім адамның кәсіби әлеуетін дамытса, тәрбие оның тұлғалық болмысын қалыптастырады. Осы екі бағыт үйлескен кезде ғана университет қоғамға білікті маман ғана емес, толыққанды азамат ұсына алады.

Ал жастардың рухани сұранысы мен мәдени талғамына келсек, бүгінгі буын жаңашылдыққа бейім, бірақ сонымен қатар терең мағына мен мазмұнға зәру.

Қазір «креативті индустрия» дәуірі салтанат құруда, олардың талғамы жаһандық деңгейде қалыптасып жатыр. Біздің міндетіміз – жастарды тек дайын өнімді тұтынушы емес, ұлттық кодқа негізделген, бірақ әлемдік стандартқа сай келетін жаңа мәдени құндылықтарды қалыптастырушы болуға бағыттау. Қазіргі жастар дәстүрді ескілік деп емес, жаңа стильдегі

интеллектуалдық іргетасы

этно-модерндік бағыт ретінде қабылдауға бейім. Бұл үрдіс олардың еркіндігі мен даралығын көрсеткенімен, сол еркіндік жауапкершілікпен ұштасқанда ғана шынайы мәдени кемелдікке жол ашады. Жаһандану жағдайында өз тамырынан ажырамау, ұлттық мәдениет пен тілді қадірлеу – жастардың тұлғалық тұтастығының кепілі. Университетте өнер мен ғылымның, ұлттық рух пен жоғары технологияның үндестігін біріктіру арқылы осы тұтастықты сақтаймыз. Жастарға жетістікке жетудің қысқа жолы жоқ екенін, шынайы биіктік тек табандылық пен саналы еңбек арқылы келетінін түсіндіру парыз.

ҚАЗІРГІ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ЗАМАН ТАЛАБЫНА БЕЙІМДЕЛУІ ҚАЖЕТ

– Ақпараттық кеңістіктегі өзгерістер, оның ішінде әлеуметтік желілер, цифрлық медианың қарқынды дамуы қоғам санасына қалай ықпал етіп отыр? Біздің ұлттық мінез-құлқымыз өзгеріп бара жатқан жоқ па?

– Бұл сұрақ бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселенің бірі. Ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік желілер қарым-қатынас құралы болумен қатар, сананы трансформациялаушы қуатты күшке ие болды. Ректор ретінде мен бұл үдерістің екі қырын көріп отырмын. Ең алдымен цифрлық медиа ойлау жылдамдығымызды арттырып, әлемдік ақпарат ағынына жол ашты. Алайда оның кері әсері де жоқ емес. Қазіргі қоғамда «клиптік ойлау» белең алып барады. Адамдар терең ақпараттан гөрі, беткі қабаттағы қысқа, жылтырақ мазмұнға үйір. Бұл үдеріс байырғы ұлттық мінез-құлқымызға, әсіресе сабырлылық пен парасаттылыққа, ой толғау мәдениетіне айтарлықтай салмақ салып отырғаны жасырын емес. «Ұлттық мінез-құлық өзгеріп бара жатқан жоқ па?» дегенге келсек, «өзгеру» емес, «сынақтан өту» деген терминді қолданар едім. Халқымызға тән қонақжайлылық, бауырмалдық, үлкенді сыйлау сияқты қасиеттер қазір виртуалды әлемнің прагматизмімен бетпе-бет келді. Әлеуметтік желілердегі индивидуалдылыққа ұмтылыс, кейде орын алып жататын агрессия мен жағадан алу – осы жаһандық цифрлық мәдениеттің ықпалы. Әсіресе әлеуметтік желілердегі әлімжеттіктің күшеюі ерекше назар аударуды қажет етеді. Цифрлық кеңістік пікір алмасу мен ақпарат тарату алаңы болғанымен, соңғы жылдары онда қорлау, тіл тигізу, айыптау, кибербуллинг және тілдік зорлық-зомбылық көріністері жиілеп барады. Кейбір пайдаланушылар әлеуметтік желіні жауапты пікір білдіру алаңы емес, өзгені кемсіту, қаралау немесе қоғамдық қысым мен шабуыл жасау құралы ретінде қабылдайды. Сондықтан университеттер мен білім беру ұйымдары жастардың медиасауаттылығын арттырумен қатар, цифрлық этика мен онлайн мәдениетті қалыптастыруға да басымдық беруі тиіс. Әлеуметтік желідегі еркіндік жауапкершілікпен ұштасқанда ғана оның қоғамға пайдасы артады. Сондықтан әлеуметтік желідегі агрессиямен күрес құқықтық шаралармен қатар, тәрбие, білім және қоғамдық мәдениет арқылы жүзеге асырылса құба-құп.

Цифрлық дәуірде ұлттық мінезді сақтаудың жолы – ұлттық мазмұнды цифрландыру. Егер әлеуметтік желілерде өз құндылықтарымызды заманауи, тартымды форматта ұсына білсек, мінезіміз бұзылмайды, керісінше, жаңа сапаға ие болады. Жастарымыз әлемдік цифрлық кеңістікте өзінің «қазақы болмысын» мақтанышпен көрсете алатын дәрежеге жетуі керек. Сонда ғана ақпараттық ағын ағызып кетпейді, сол ағынның бағытын өз мүддемізге бұра аламыз.

– Жалпы, қазір интеллигенция қандай болуы қажет? Яғни саяси, мәдени интеллигенция ғана емес, жалпы, осы категория туралы айтсаңыз. «Зиялы қауым» ұғымының мазмұны өзгерді ме?

– Бүгінгі таңда интеллигенция ұғымы сапалық өзгерістен өтіп жатыр. Оны тек саяси немесе мәдени саламен шектеу тар түсінік. Қазіргі заман интеллигенциясы – бұл, ең алдымен, жауапкершілікті өз мойнына алатын кәсіби мамандар қауымдастығы. Бұрын зиялы қауым деп тек сөз шеберлерін айтсақ, бүгінде бұл қатарға ғалымдар, инженерлер, жаңа технология тілін меңгерген технократтар қосылды. Олар құрғақ теориядан гөрі, нақты ғылыми шешімдерімен ел дамуына үлес қосатын іс адамдары. Дәл осы қауым біз айтқан «сана революциясының» басты қозғалтқышы болып табылады. Жоғарыда атап өткен ақпараттық тасқын мен цифрлық дәуірде интеллигенцияның рөлі тіпті арта түсті. Олар қоғам үшін «сапа сүзгісі» мен «интеллектуалдық бағдаршам» міндетін атқаруы міндет.

Соңғы кездері өзін «зиялы қауым» қатарына жатқызатын, бірақ оның мәндік өлшемдеріне толық сәйкес келмейтін «тұлғалар» пайда болды. Кей жағдайда жеке азаматтар немесе шағын топтар ақпараттық кеңістікті манипуляция құралы ретінде пайдаланып, жауапкершілік мәдениетін естен шығарып жатады. Кісіге жала жабу, беделін көпе-көрінеу түсіруге ұмтылу, әдейі аяқтан шалу, негізсіз айыптау, домалақ арыз жазу, түрлі интригалар ұйымдастыру қоғамнан толық жойылып кеткен жоқ. Кәсіби білім мен біліктілігі жан-жақты қалыптаспағанымен, түрлі айла-амалдың қыр-сырын меңгеріп, сол арқылы өз орнын сақтауға немесе ықпалын күшейтуге тырысатындардың бар екені жасырын емес. Нағыз зиялылықтың негізгі өлшемі – жеке мүддені жоғары қою емес, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну, фактіге сүйену, этикалық нормаларды сақтау және қоғамдық келісімді нығайтуға ұмтылу. Шынайы зиялы қауым – қоғамды бөлмейтін, керісінше, біріктіретін, ойлануға жетелейтін, беделін жеке мүддеге емес, қоғамдық игілікке бағыттайтын тұлғалардан құралады. «Зиялы қауым» ұғымы бүгінгі күні тек әлеуметтік мәртебе емес, ең алдымен моральдық және интеллектуалдық жауапкершілік категориясы ретінде қарастырылуы тиіс. Қазақ қоғамында шынайы интеллигенция әрдайым ұлттың рухани тірегі болды. Бүгінгі басты миссия – жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтай отырып, заман талабына бейімделу. Зиялылықтың асыл қасиетін жоғалтпай, сақтап қалу. Зиялы қауым елді алға сүйрейтін, көпшілікке ой салатын нақты күшке айналғанда ғана өзінің тарихи миссиясын толық орындайды және жаңа форматтағы интеллигенцияға айнала алады.

– Қазақ мәдениетінің қазіргі даму бағытын қалай бағамдайсыз? Бізде бірнеше ірі стратегиялық рухани жобалар жүзеге асты, олардың практикалық нәтижесі жайында не айтар едіңіз?

– Қазақ мәдениеті қазір кездейсоқ бастамалар кезеңінен өтіп, жүйелі жаңғыру және институционалдық нығаю сатысына көшті. Осы уақытқа дейін жүзеге асқан мәдени бағдарламалардың ең басты практикалық нәтижесі – ұлттық санамыздың түлеуі және тарихи әділдіктің қалпына келуі болды.

Мәселен, «Мәдени мұра» аясында жәдігерлеріміз түгенделіп, тарихымыз жүйеленсе, кейінгі мақсат сол құндылықтарды жастардың бойына сіңіруге, яғни «мәдени кодты» тірілтуге бағытталды. Осылайша ұлттық құндылықтарымыз заман тілінде сөйлей бастады. Қазіргі қазақ мәдениеті бұл тек домбыра мен киіз үй емес, бұл – Димаш сияқты жаһандық феномендер, отандық киноиндустрияның жетістіктері, заманауи әдебиет пен IT саласындағы қазақтілді контент. Бүгінгі таңда негізгі басымдық ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, оны заманауи цифрлық ортаға бейімдеу. Университет қабырғасында бұл бағытта нақты нәтижелер бар: біріншіден, мәдениетті академиялық деңгейге көтердік. Оқу бағдарламаларына ұлттық құндылықтарды дәріптейтін арнайы пәндер енгізілді. Екіншіден, ҚазҰУ базасында фольклор, тіл және тарих бойынша іргелі ғылыми ұсыныстар жүзеге асып, шет мемлекеттерде жарияланууда. Бұл төл мәдениетіміздің халықаралық академиялық ортадағы салмағын көрсетеді.

– Дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі мәдени саясатта қалай көрінуі керек?

– Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз озық ойлы ұлт болуымыз керек. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін, ең алдымен, білім-ғылымды дамыту қажет», – деп үнемі айтып келеді. Бұл ой – дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырудың негізгі бағдары. Менің терең сенімім бойынша, дәстүр бізге «кім екенімізді» еске салса, жаңашылдық «кім бола алатынымызды» көрсетеді. Сондықтан мәдени саясатта бұл екі ұғым бірін-бірі жоққа шығармайтын «мазмұн мен форманың» бірлігі ретінде көрінуі тиіс. Бұл үйлесімді мынадай бағыттарда жүзеге асыруымыз керек: біріншіден, ұлттық мұраны өміршең құндылыққа айналдыру. Дәстүрлі өнерді цифрлық форматта жаңғырту, тарихи мұраны заманауи креативті индустрия тілінде интерпретациялау – дәстүрдің жаңаша түлеуіне жол ашады. Екіншіден, ғылым мен өнердің тоғысуы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сияқты іргелі білім ордалары ұлттық дәстүрді ғылыми зерттеулермен және инновациялық технологиялармен ұштастыратын негізгі орталық. Студентке Абайдың «Толық адам» концепциясын үйрете отырып, оны заманауи цифрлық құзыреттіліктерді игерген маман етіп тәрбиелейміз. Бұл – «озық ойлы ұлттың» нақты бейнесі. Үшіншіден, ұлттық бірегейліктің бәсекеге қабілеттілігі. Жаңашылдық – дәстүрден бас тарту емес, бұл ұлттық кодты жаһандық кеңістікте танытудың құралы.

Президент айтқандай, білім мен ғылымға сүйенген қоғам ғана рухани тамырынан ажырамай, болашаққа сенімді қадам жасай алады.

АДАЛ АЗАМАТ ТӘРБИЕЛЕУ – ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

– Білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеудің үлгісі қандай?

– Заманауи университет тек кәсіби маман даярлап қана қоймай, рухани тұрғыдан кемел тұлға қалыптастыруы қажет. Сондықтан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ұлттық құндылықтарды дәріптеудің кешенді білім беру моделі қалыптасты. Бұл модельдің бірінші ерекшелігі – білім мазмұнының ұлттық танымен сабақтастығы. Оқу бағдарламаларына енгізілген «Қазақстан тарихы», «Әл-Фараби ілімі», «Тілтану» сияқты пәндер тек деректерді жаттатуға емес, оларды жаһандық үрдістермен ұштастыра отырып, пәнаралық ықпалдастық негізінде оқытуға бағытталған. Бұл студенттердің ұлттық құндылықтарды жай ғана білуіне емес, оны саналы түрде қабылдауына мүмкіндік береді. Екінші маңызды қыры – университеттің тәрбиелік және зияткерлік ортасы. Студент қазақы болмысты дәрісханадан бөлек, мәдени орталықтарымыздан, ғылыми-зерттеу жұмыстарынан және қоғамдық бастамалардан сезінеді. Мұнда мемлекеттік тілге деген құрмет пен ел тарихына тағзым – жастардың күнделікті өмір салтына айналған. Жастарды өткенмен мақтануға ғана емес, сол мұрадан қуат алып, болашақты сенімді құруға тәрбиелейміз.

– Қазіргі буынға қандай өмірлік ұстаным және рухани бағдар ұсынар едіңіз?

– Бүгінгі жастар – мүмкіндіктер заманында өмір сүріп жатқан бақытты ұрпақ.

Алайда таңдау тым көп, ақпарат тым жылдам дәуірде ішкі бағдардан жаңылу оңай. Қазіргі буынның бойынан ең алдымен кәсіби кемелдікті көргім келеді.

«Диплом үшін оқу» кезеңі артта қалып, нағыз білім мен біліктілік алдыңғы шепке шығуы керек. Өз саланың хас шебері болу – кез келген қиындықтан алып шығатын ең сенімді капитал. Сонымен қатар жастарға айтар басты кеңесім – рухани сүзгі мен сыни ойлауды қалыптастыру. Цифрлық әлемнің арзан жылтырағына ермей, кез келген дүниеге парасат деңгейінен қарау маңызды. Рухани темірқазығымыз – Абайдың «Толық адам» концепциясы мен әл-Фарабидің «Қайырымды қала» идеясы. Бұл заман өтсе де, ескірмейтін, адамды адастырмайтын мәңгілік құндылықтар. Осының бәрі жауапты патриотизммен ұштасуы қажет. Отансүйгіштік – күнделікті ісіңмен, біліміңмен еліңе пайда тигізу, өз тілің мен тарихыңды мақтанышпен қадірлеу. «Жаһан азаматы» бола отырып, ұлттық бірегейлігімізді жоғалтпауымыз керек. Өз тамырын тереңдете білген тал ғана кез келген дауылға төтеп бере алады. Қазіргі жастар – жаңа Қазақстанның интеллектуалдық және рухани келбетін қалыптастыратын негізгі күш.

Қазақстан Президенті «Әділетті, қуатты, қауіпсіз әрі таза Қазақстанның тірегі болатын жауапты әрі адал азаматтарды тәрбиелеу – бәріміздің ортақ міндетіміз. Біз озық ойлы ұлт қалыптастыру жолында бірлесе еңбек етуіміз керек. Халқымызда «Білім – таусылмас қазына» деген сөз бар. Сапалы білім мен нағыз ғылымға ұмтылсақ, біз барлық мақсатымызға қол жеткіземіз» деп атап өтті. Сондықтан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сапалы білім берумен қатар, студенттердің тұлғалық дамуына, адал еңбек пен ішкі тұрақтылықты басты орынға қоюына басымдық береді. Тілегім – жастар тек дайын дүниені тұтынушы емес, жаңаны меңгерген жасампаз тұлға болса екен. Өз өміріне де, мемлекеттің болашағына да жауапкершілікпен қарайтын, ішкі мәдениеті биік, еркін ойлы азамат – біздің ең басты мақтанышымыз болмақ.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Ерлан ЖҮНІС
«Ana tili» газеті,
24 қыркүйек 2026 жыл

«Анаға тағзым» кітабы таныстырылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде еңбек ардагері, батыр ана Нұрғылқасыл Қасқарбайқызының 100 жылдығына арналған «Анаға тағзым» кітабының тұсаукесері өтті.

Алқалы жиынға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова, белгілі ғалым Асылы Осман, ақын Бауыржан Жақып бастаған зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

Еңбектің авторы – кәсіпкер, экономика ғылымының кандидаты, меценат Мұрат Әділханов. Туындыда кейіпкердің бала тәрбиесіндегі ұстанымдары, отбасына деген мейірімі мен туған жерге деген сүйіспеншілігі арқылы ана еңбегінің адам өміріндегі орны кеңінен көрініс тапқан.

Дөңгелек үстел барысында ҚР премьер-министрінің орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтау хаты оқылды. Хатта: «Нұрғылқасыл Қасқарбайқызы сұрапыл соғыс жылдарында аянбай еңбек етіп, тыл игеру ісіне және ауыл шаруашылығын өркендетуге үлес қосты. Тағдырдың сынағына мойымаған асыл ана – қазақ өркениетінің, қайсарлық пен парасаттың, адамгершілік пен еңбеккорлықтың шынайы символы. «Анаға тағзым» кітабы өткен тарих пен бүгінгі ұрпақты жалғайтын құнды рухани қазына», – делінген.

Өз кезегінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев бұл еңбектің жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін маңызды рухани қазына екенін атап өтті.

«Нұрғылқасыл Қасқарбайқызының ғибратты ғұмыры – төзім мен еңбекке, мейірім мен жауапкершілікке негізделген өмір мектебі. Он екі перзент тәрбиелеп, олардың әрқайсысының азамат болып қалыптасуына үлес қосуы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық үлкен өнеге. Осындай тағылымды тұлғалардың өмір жолын кітап арқылы насихаттау ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудің бір жолы», – деді Жансейіт Түймебаев.

Басқосуда сөз алған қонақтар Аягүл Миразова, Асылы Осман, Бауыржан Жақып және басқа да зиялы қауым өкілдері кітаптың мазмұны мен тәрбиелік мәніне кеңінен тоқталды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



«Айғақ» телеарнасына сұхбат

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Айғақ» телерадиокомпаниясының бас директоры Дулат Әбіш бастаған медиа өкілдерімен ресми кездесу өткізді.

Делегация құрамында «Айғақ» телеарнасының Ұлытау облысындағы меншікті тілшісі Айтқамал Қожырбаев, Түркістан облыстық журналистер одағының мүшесі Аллаберген Ахметов, «Бекет» газетінің бас редакторы Сафуан Өтебаев, мемлекеттік қызмет ардагері Кенбай Наушарбанов, сондай-ақ БАҚ тілшілері мен операторлары бар.

Басқосуда ҚазҰУ басшысы білім ордасының ғылым, білім және халықаралық ынтымақтастық саласындағы жетістіктерін атап өтіп, медиа саласына білікті кадрлар даярлаудың маңызына тоқталды. Жансейіт Түймебаев заманауи медиакеңістікте бәсекеге қабілетті, цифрлық технологияларды меңгерген және кәсіби жауапкершілігі жоғары мамандарға сұраныс жоғары екенін алға тартты. Сонымен қатар ректор қонақтарға университетті дамытудың стратегиялық жоспарын таныстырып, жаңадан бой көтеретін оқу корпустары мен жатақханалар құрылысы жөнінде әңгімеледі.

Өз кезегінде «Айғақ» ТРК бас директоры Дулат Әбіш жоғары оқу орындары мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы серіктестікті дамытудың маңыздылығын тілге тиек етіп, журналистика саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүдделілік білдірді.

Кездесу аясында Жансейіт Түймебаев «Айғақ» телеарнасының «Тәуелсіздіктің 35 жылдығы» арнайы жобасына сұхбат берді. Университет басшысы ел астанасын Алматыдан Астанаға көшірудің тарихи кезеңдеріне тоқталып, мемлекеттік протокол мен дипломатиялық қызметтің қалыптасу жолын сөз етті. Сонымен қатар Ресейдегі және Түркиядағы елшілік жылдарындағы геосаяси келіссөздер, Түркістан облысының алғашқы әкімі ретінде көне шаһарды қайта түлетудің алғашқы қадамдары туралы естеліктерімен бөлісті.

Шара соңында қонақтарға университет кампусы бойынша арнайы тур ұйымдастырылды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Халықаралық ғылыми дипломатия орталығы ашылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «ICESCO – Әл-Фараби» ғылыми дипломатия орталығы құрылады. Жаңа халықаралық құрылымды ашу туралы өзара ынтымақтастық меморандумына ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Самғат Ермекбаев пен Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымының (ICESCO) бас директоры Салим М. Аль-Малик қол қойды.




Стратегиялық келісімге сәйкес, орталық дипломаттардың жаңа буынын даярлап, халықаралық деңгейдегі ғылыми бағдарламалар, жобалар мен ауқымды форумдарды жүзеге асырады. Бұл орталық Африка, Азия және араб әлемін байланыстыратын білім мен тәжірибе алмасудың үшжақты платформасына айналмақ. Сондай-ақ мекеме ғылыми дипломатия саласындағы саясатты әзірлеу бойынша ICESCO-ға, ұйымға мүше мемлекеттерге және олардың ұлттық комиссияларына сараптамалық кеңес береді.

Халықаралық орталыққа ICESCO мен ҚазҰУ өкілдерінен құралған бірлескен басқару комитеті жетекшілік етеді, ал оған көрнекті ғалымдардан тұратын халықаралық консультативтік кеңес қолдау көрсетеді. Өз кезегінде ICESCO ұйымы орталыққа техникалық және сараптамалық қолдау білдіріп, мүше мемлекеттер желісі аясындағы серіктестікке жәрдемдеседі.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ





Ынтымақтастықтың жаңа бағыттары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Бейжің педагогикалық университетінің вице-президенті Ван Шоуцзюнь бастаған делегациямен ресми кездесу өтті.

Қонақтар алдымен ҚазҰУ мұражайында болып, университеттің тарихы және заманауи жетістіктерімен танысты.

Келіссөз барысында оқу орнының ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Марғұлан Ибраимов ҚазҰУ-дың Қытайдың жетекші педагогикалық университеттерінің бірімен әріптестікті нығайтуға мүдделі екенін жеткізді. Оның айтуынша, бұл әріптестік бірлескен ғылыми жобаларға, академиялық алмасуларға, сондай-ақ IT және жасанды интеллект бағытындағы бастамаларға қуатты серпін береді.

Өз кезегінде Ван Шоуцзюнь екі тарап арасындағы ғалымдар, оқытушылар мен студенттер алмасуын кеңейтуге ерекше мән берді.

Кездесу қорытындысы бойынша екі жақ ұзақ мерзімді академиялық және ғылыми серіктестікті өзара жан-жақты дамытуға уағдаласты.

Гүл БАЯНДИНА

Ғасыр бойы шешілмеген есептің шешімін тапқан



Сейіл Сауытбеков – физика-математика ғылымдарының докторы, физика-техника факультетінің Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасының профессоры. Қазақ мемлекеттік университеті физика факультетінің 1977 жылғы түлегі. ҚР БҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007 ж.) және ғылым мен техниканы дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның (2016 ж.) иегері. ҚР БҒМ «ҚР ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі және «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2025 ж.) марапатталған.

Сейіл Сейтенұлы Грекияның Афины қаласында шығатын Journal of Applied Electromagnetism халықаралық ғылыми журналының редакциялық алқасының мүшесі. Сондай-ақ Communications, Electromagnetics and Medical Applications (CEMA) атты Еуропада жылда өткізілетін халықаралық конференциялардың ұйымдастыру комитетінің тұрақты мүшесі.

Сейіл Сауытбеков – толқын өткізгіш трактарда, изотропты және анизотропты орталардағы электромагниттік толқындардың таралуы мен дифракциясы саласының белгілі кәсіби маманы. Оның ғылыми жетекшілігімен дифракциялық сәулелену эффектілеріне негізделген субтерагерцтік диапазондағы антенналардың жаңа түрі жасалып, тәжірибелік сынақтан өткен. Ол сингулярлы интегралдық теңдеулерді классикалық Винер-Хопф әдісі арқылы аналитикалық жолмен шешуді ұсынып, шектелген құрылымдардағы толқындық дифракция теориясын дамытты. Сондай-ақ диадалық Грин функциялары негізінде бір және екі ості анизотропты орталар үшін де электромагниттік толқындардың таралу теориясын құрды.

Көрнекті ғалым Сейіл Сейтенұлы ғасырдан астам уақыт бойы шешілмеген классикалық Зоммерфельд есебінің магниттік орта үшін алғаш рет қатаң аналитикалық шешімін алды. Сонымен бірге кез келген траектория мен қозғалыстағы дипольдің релятивистік ковариантты, кешікпелі электромагниттік потенциалының дәл өрнегін алды. Бұл тек қана дәстүрлі түрде электр заряды үшін қарастырылатын Лиенар-Вихерт потенциалының классикалық нәтижелерін кеңейтеді.

Ол дифракциялық сәулелену теориясы мен Смит-Парселл эффектісінің толқындық аналогтарына арналған сериялы еңбектер жариялады. Дәл сіңіретін шарттар әдісі негізінде Вавилов-Черенков және Смит-Парселл толқындарының резонанстық шашырау модельдері, қуатты да қысқа электромагниттік импульстердің бағытталған сәулелену механизмдері, сондай-ақ аксиалды-симметриялық антенналарда тар және аса тар құйғыш тәрізді бағытталу диаграммаларын қалыптастыру әдістері жасалды.

Мынадай жетекші халықаралық журналдарда100-ден астам ғылыми еңбегі жарияланған: IEEE Transactions on Antennas and Propagation, IEEE Antennas and Propagation Magazine, Progress in Electromagnetic Research, Journal of Applied Electromagnetism және т.б.

«AP19676900 Жерүсті байланысы үшін радиотолқындардың таралуын есептеудің жаңа әдістемесі» (2023-2025), «AP08855557 Электрондар шоғының периодты кедір-бұдырлы шекара үстінен ұшып өткенде туындайтын дифракциялық сәулеленуге байланысты аномалды және резонанстық эффектілерді модельдеу және талдау» (2020-2022) ғылыми жобаларының жетекшісі. Бұл зерттеулер Қазақстанның ғылыми-технологиялық және ақпараттық-технологиялық әлеуетін арттыруға, отандық физика және математика салаларындағы іргелі зерттеулерді дамытуға арналған.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Қуанышбек Мұсабеков 1940 жылы 15 мамырда Түркістан қаласында дүниеге келді. 1958 жылы Шымкент облысында «Балтакөл» орта мектебін бітіріп, 1958-59 жж. ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. 1959 жылы ҚазМУ-дың биология факультетіне түсіп, сол жылы химия факультетіне ауысады. 1964 жылы университетті қызыл дипломмен бітіріп, ҚазКСР ҒА Химиялық ғылымдар институтында аға лаборант болып қызмет етеді. 1965-68 жж. Ленинград қаласындағы Жоғары молекулалық қосылыстар институтында аспирант, ал 1968-70 жж. ҚазКСР ХҒИ-да кіші ғылыми қызметкер болады. 1979 жылы атақты ғалым, профессор Г.В.Самсоновтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғап, күрделі органикалық қосылыстарды тазалаудағы тиімділігі жоғары иониттерді синтездеуді меңгерді. 1970-72 жж. ҚазМУ-дың Физикалық және электрохимиялық кафедрасының аға оқытушысы болып, 1972 жылы Қазақстанда алғаш рет ашылған ҚазМУ-дың Коллоидтық химия кафедрасына меңгерушілік етеді. Қ.Мұсабеков осы кафедраны ұзақ жылдар бойы (1972-2009 жж.) табысты басқарып, оның қалыптасуы мен дамуына орасан зор үлес қосты.

Химия саласында жаңа ғылыми бағыт қалыптастырды



1984 жылы «Полиэлектролиттер мен беттік активтік заттардың ассоциаттарын фазааралық беттерде пайдаланудың химиялық негіздері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады, 1986 жылы оған профессор атағы беріледі. 1987-95 жж. Қуанышбек Битуұлы химия факультетінің деканы болып қызмет етті. Осы жылдары профессор Қуанышбек Битуұлы және химия пәнінің Республикалық оқу-әдістемелік орталығы, коллоидтық химиядан кандидаттық диссертация қорғайтын арнайы кеңес ашылды. Факультет ұжымы іргелі және қолданбалы ғылыми жұмыстардың нәтижесін, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыруда көптеген табыстарға жетті. Профессор Қ.Мұсабековтің жетекшілігімен жеті ғылым докторы, 40-тан астам ғылым кандидаты және философия докторы даярланды. Ғылыми бағыт пен жаңа кафедраның қалыптасуына П.Ребиндер, Е.Щукин, А.Русанов, И.Перцов, К.Ахмедов сияқты академиктердің, В.Измайлова, Б.Сумм, Н.Круглицкий, А.Баран және т.б. профессорлардың ықпалы зор болды.



Профессор ҚР ҰҒА академиктері Б.Жұбанов, Е.Ерғожин, Е.Шаяхутдинов, Е.Бектұров, Қ.Жұбановтармен тығыз ғылыми байланыста болып, өзінің шәкірттерімен бірге жасаған еңбектерінің нәтижесінде елімізде коллоидтық химия саласында жаңа ғылыми бағыт – суда еритін полимерлердің және олардың беттік-активтік заттармен ассоциаттарының коллоидтық химиясы қалыптасты. Бұл ғылыми бағыттың көкейтестілігі халық шаруашылығының, атап айтқанда қиын еритін табиғи және технологиялық дисперсиялардың коагуляция процестері, пайдалы кендер мен байыту фабрикаларының қалдықтарын флотациялық байыту, топырақтардың сулы және желді эрозиясын болдырмау, лангирлеуші әсері бар дәрі-дәрмектік препараттар жасау, дәрі-дәрмектік эмульсиялар алу және осы сияқты т.б. маңызды мәселелерін шешу қажеттілігімен байланысты. Аталған мәселелерді шешуде профессор Қ.Мұсабеков қызметкерлермен бірге дәстүрлік емес және қол жетерлік тәсілі – суда еритін полимерлерден (СЕП), мысалы, синтетикалық полиэлектролиттерден (СПЭ) және беттік-активтік заттардан (БАЗ) композициялар жасады. Бұл компоненттердің әрекеттесу өнімдері – полиэлектролиттік кешендер (ПЭК) – олардың жеке компоненттерінің қасиеттерінен басқа да жаңа қасиеттер көрсететін жоғары молекулалық БАЗ-дың жаңа класы болып саналады.


Қуанышбек Битуұлының ғылыми зерттеулері 1000-нан астам жұмыстарда көрсетілген. Олардың кейбіреуі халықаралық, бүкілодақтық және республикалық симпозиумдар мен конференцияларда талқыланған. Б.Жұбанов, Б.Сумм, В.Измаиловамен бірге жазылған «Полиэлектролиттердің фазааралық қабаттары» атты монографияда орыс тілінде тұжырымдалған. Профессор Қ.Мұсабековтің ғылыми бағытының практикалық маңыздылығы 40-тан астам КСРО-ның авторлық куәліктері және ҚР патенттерімен расталған. Көрнекті профессор алыс және жақын шетелдердің (Ресей, Украина, Өзбекстан, Венгрия, Англия, Голландия, АҚШ, Испания, Германия, Болгария және т.б.) көптеген ғалымдарымен тығыз ғылыми байланыс жасап тұрады. Ғалым осы аталған елдерде және Түркия, Финляндия, Қытай, Франция елдерінде өткен халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда қазақстандық коллоидты-химиялық мектебінің жетістіктерін паш етті.

Профессор Қуанышбек Мұсабековтің басшылығы және авторлығымен жазылған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, коллоидтық химияның терминологиялық сөздіктері мен орысша-қазақша түсіндірме сөздіктері кафедрада оқитын студенттерді оқу құралдарымен екі тілде де толық қамтамасыз етеді. Қуанышбек Битуұлының маман даярлаудағы табысты ғылыми-педагогикалық еңбегі ескеріліп, ол «Социалистік жарыстың жеңімпазы» (1975 ж.), ҚазКСР ЖОО министрлігінің мақтау грамотасы, «Білім беру озаты» (1998 ж.), ҚР Мемлекеттік ғылыми стипендиясы (2004-05 жж.), 2007 және 2013 жылдардың «ЖОО үздік оқытушысы» атағы, ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына орай, университеттің «Үлкен алтын медалі» (2009 ж.), ҚР мемлекеттік «Парасат» орденімен (2025 ж.) марапатталды.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

ЖИ сүт безі обырын ерте анықтауға көмек береді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары Қазақстан әйелдерінде сүт безі обырын ерте анықтауға арналған жасанды интеллект модельдерін әзірлеуде. AP22788239 «Қазақстан әйелдерінде сүт безі обырын ерте анықтау үшін жасанды интеллектті пайдалану» ғылыми жобасы 2024-2026 жылдарға жоспарланған. Жобаның ғылыми жетекшісі – PhD, ҚазҰУ-дың Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар институты Компьютерлік ғылымдар зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті Компьютерлік ғылымдар кафедрасының зерттеуші-профессоры Базаргүл Мәткерім.



Жобаның негізгі мақсаты – маммографиялық кескіндерді автоматты түрде талдап, қатерлі және қатерсіз өзгерістерді ажырататын терең оқыту модельдерін құру, сондай-ақ сүт безі обырына тұқым қуалайтын бейімділікпен байланысты BRCA1 және BRCA2 гендеріндегі өзгерістердің клиникалық маңызын бағалау.

– Сүт безі обыры ерте анықталған жағдайда емдеу нәтижесі айтарлықтай жақсарады. Алайда маммографияны талдау ісіктің көлеміне, кескіннің сапасына және сүт безі тінінің тығыздығына байланысты күрделене түседі. Жасанды интеллект маммограммадағы күмәнді аймақтарды белгілеу, патологиялық өзгерістерді жіктеу және дәрігерге қосымша ақпарат беру арқылы диагностикалық үдерісті қолдауға мүмкіндік береді», – дейді профессор Базаргүл Мәткерім.

Жоба аясында маммографиялық кескіннен екі міндетті бір мезгілде орындайтын көпміндетті терең оқыту моделі әзірленді. Ол патологияны жіктеп қана қоймай, сүт безі тінінің тығыздығын да бағалайды. Модельде кеңістіктік және арналық назар аудару механизмдері қолданылған. Бұл технология нейрондық желінің кескіндегі диагностикалық тұрғыдан маңызды аймақтарға назар аударуына жол ашады.

Зерттеуші ғалымның айтуынша, INbreast халықаралық деректер жиынтығында жүргізілген тәжірибеде модель патологияны жіктеу бойынша 93,6 пайыз, ал сүт безі тығыздығын бағалау бойынша 88,9 пайыз дәлдік көрсетті. ROC AUC көрсеткіші 0,962-ге жетті. Зерттелген архитектуралардың ішінде EfficientNetB3 диагностикалық дәлдік пен есептеу тиімділігі арасындағы ең қолайлы тепе-теңдікті көрсеткен.



Зерттеудің тағы бір бағыты – күшейтілген оқыту технологиясын маммографиялық диагностикада пайдалану. PPO алгоритміне негізделген модель диагноз қоюды бірнеше кезеңнен тұратын шешім қабылдау үдерісі ретінде қарастырады. Grad-CAM технологиясы арқылы модель назар аударған кескін аймақтары визуалды түрде көрсетіледі. CBIS-DDSM деректер жиынтығындағы модельдің валидациялық дәлдігі 77,1 пайызды құрады. Бұл бағыттың басты ерекшелігі – модель шешімінің түсіндірмелілігі және радиологтің кезеңдік диагностикалық пайымдауына бейімделуі.

Базаргүл Мәткерімнің айтуына қарағанда, жобада сүт безі обырына тұқым қуалайтын бейімділікті бағалау мәселесіне де ерекше көңіл бөлінген. BRCA1 және BRCA2 гендерінде кездесетін көптеген варианттардың нақты клиникалық әсері әлі белгісіз. Осыған байланысты 13 биоинформатикалық белгіге негізделген екі тармақты есептеу жүйесі әзірленіпті. Ақуыз қызметін бұзатын генетикалық өзгерістер арнайы клиникалық ережелер арқылы, ал миссенс-варианттар машиналық оқыту модельдері арқылы бағаланады екен.

– Генетикалық модельдердің сенімділігін тексеру үшін BRCA1 генінің 2361 варианты қамтылған тәуелсіз функционалдық деректер талданды. Олардың 1717-сі негізгі клиникалық деректерде кездеспеген жаңа варианттар болды. Модель болжамдарының зертханалық жолмен анықталған функционалдық әсерлермен статистикалық тұрғыдан маңызды байланысы байқалды, – дейді зерттеуші-профессор Базаргүл Мәткерім.

Жобаның маңызды ерекшеліктерінің бірі – Қазақстан популяциясының генетикалық деректерін ескеру. Халықаралық дерекқорларда Орталық Азия халықтары жеткілікті деңгейде ұсынылмағандықтан, шетелдік популяцияларға арналған генетикалық өлшемдерді тікелей пайдалану әрдайым дұрыс нәтиже бере бермейтін көрінеді. Зерттеу барысында 224 қазақстандықтың генотиптеу деректері және Қазақстанда бұрын анықталған BRCA1/2 варианттары пайдаланылған. Әзірленген жүйе белгілі 33 патогендік, ақуыз қызметін бұзатын варианттың барлығын дұрыс анықтаған.

Жоба жетекшісі Базаргүл Мәткерімнің айтуынша, әзірленіп жатқан жүйе дәрігерді алмастыруды көздемейді. Оның міндеті – маммограммадағы күмәнді аймақтарды көрсету, генетикалық тәуекелді бағалауға қосымша дәлел ұсыну және радиологтер мен медициналық генетиктердің шешім қабылдауын қолдау.

Жобаның келесі кезеңінде әзірленген модельдерді кең көлемді және көпорталықты клиникалық деректерде тексеру, маммографиялық, генетикалық және клиникалық ақпаратты біріктіру, сондай-ақ Қазақстанның медициналық ұйымдарында бастапқы апробациядан өткізу көзделген. Зерттеу елімізде түсіндірілетін медициналық жасанды интеллект технологияларын дамытуға және сүт безі обырын ерте анықтау мүмкіндіктерін жетілдіруге үлес қосады.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:

Базаргүл Мәткерім – қауымдастырылған профессор, компьютерлік ғылымдар саласының PhD докторы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті Компьютерлік ғылымдар кафедрасының зерттеуші-профессоры. Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар институтының жетекші ғылыми қызметкері. 2025 жылдың қыркүйегінен университет жанындағы Қазақстан төмен биіктік экономикасы индустриялық зерттеу орталығының директоры қызметін атқарады.

1984 жылы ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына қарасты Іле Қазақ автономиялық облысында дүниеге келген. 2001 жылы тарихи Отаны – Қазақстанға оралып, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының дайындық курсында білім алды. 2002 жылы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетіне «Информатика» мамандығы бойынша қабылданып, 2007 жылы университетті қызыл дипломмен тамамдады. 2009 жылы магистр дәрежесін алып, 2009-2013 жылдары компьютерлік ғылымдар бойынша докторантурада білім алды. 2015 жылы жоғары өнімді ғылыми есептеу қосымшаларын жобалау және әзірлеу бағыты бойынша докторлық диссертациясын қорғап, PhD ғылыми дәрежесін иеленді.

2007 жылдан бері ҚазҰУ-да оқытушылық және ғылыми-зерттеу қызметін қатар атқарып келеді. Компьютерлік ғылымдар кафедрасында ассистенттен профессор-зерттеушіге дейінгі кәсіби жолдан өтті. 2009 жылдан ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу институттарында, ҚР Ұлттық инженерлік академиясы мен академик Ө.Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институтында ғылыми жобаларға қатысты. Бакалавриат, магистратура және докторантура білім алушыларына параллель бағдарламалау, жоғары өнімді есептеулер, формалды әдістер мен технологиялар және ғылыми есептеулер бойынша қазақ және ағылшын тілдерінде дәріс оқиды. Сонымен қатар Қытайдың Солтүстік-Батыс политехникалық университетімен бірлескен «Компьютерлік ғылымдар және технологиялар» қос дипломды магистрлік және PhD бағдарламаларының үйлестірушісі.

Базаргүл Мәткерімнің негізгі зерттеу нысандары – күрделі ғылыми және инженерлік есептерді шешуге арналған параллель және жоғары өнімді есептеу жүйелері, көпядролы процессорлар мен GPU үдеткіштеріне негізделген есептеу архитектуралары, сандық модельдер және жасанды интеллектіге негізделген интеллектуалды ақпараттық жүйелер. Зерттеулерінде MPI, OpenMP, CUDA технологиялары, параллель алгоритмдер, итерациялық әдістер, ғылыми модельдеу және есептеу өнімділігін оңтайландыру тәсілдері қолданылады.

2025 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дамуына қосқан үлесі үшін университеттің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 2026 жылы Қытайдың Хуачжун ғылым және технология университетінде Қытай – Орталық Азия озық есептеу технологиялары бағдарламасы бойынша 88 сағаттық кәсіби даярлықтан өтті және Солтүстік-Батыс политехникалық университетінде Қазақстанның ғарыштық әлеуетін дамытуға арналған халықаралық бағдарламаға қатысты. Сондай-ақ көп GPU-да терең оқыту модельдерін параллель оқыту бойынша NVIDIA кәсіби сертификатын иеленген. Ғылыми зерттеу нәтижелері халықаралық рецензияланатын басылымдарда жарияланып, Scopus, Web of Science және Google Scholar дерекқорларында индекстелген.



Наука сквозь эпохи

Есть ученые, чья биография измеряется не только годами, должностями и количеством публикаций. Иногда профессиональный путь одного человека становится отражением целой эпохи. Меняются поколения компьютеров, языки программирования, научные теории и технологические приоритеты, а исследователь продолжает работать, искать новые решения и открывать новые направления.

Само название выбранной специальности — «Электронные вычислительные машины» — сегодня звучит почти исторически. Тогда персональных компьютеров еще не существовало, Интернет появится спустя десятилетия, а вычислительная техника была доступна главным образом крупным научным центрам, университетам и промышленным предприятиям. В 1969 году молодой специалист с отличием окончил институт. И именно с этого момента начинается его профессиональная жизнь в информационных технологиях. После окончания института Уалшер Тукеев остается работать на кафедре вычислительной техники, а затем переходит на кафедру технической кибернетики. Молодой преподаватель одновременно активно включается в научные разработки.

В 1973 году Уалшер Тукеев поступает в целевую аспирантуру Московского энергетического института. Здесь его научным направлением становится разработка интерпретаторов-трансляторов диалогового языка программирования APL. В 1977 году он защищает кандидатскую диссертацию «Методы интерпретации языка программирования APL». После возвращения в Казахстан начинается новый этап исследований — автоматизированное проектирование программного обеспечения и баз данных для систем реального времени.

С 1980 по 1991 год ученый участвует в выполнении заданий государственных целевых научно-технических программ СССР. Одним из результатов этих исследований становится экспериментальная система автоматизированного проектирования АСУТП «АРМАН». Название получилось символичным: по-казахски арман — мечта. Но это была вполне реальная инженерная система. Согласно материалам научной биографии профессора, ее применение позволяло сократить сроки проектирования и внедрения автоматизированных систем управления технологическими процессами в два-три раза. Разработки прошли апробацию на Зыряновском свинцовом комбинате, а версия для распределенных систем управления — на экспериментальном заводе Государственного института прикладной химии в Ленинграде.

В 1992 году Уалшер Тукеев защищает докторскую диссертацию, посвященную моделям, методам и инструментальным средствам автоматизированного проектирования баз данных и программных комплексов АСУТП. А уже в следующем году получает приглашение во Францию, где проводит научные семинары и читает лекции по тематике своей докторской работы. Так сформировалось одно из первых крупных направлений его научной деятельности — программная инженерия и проектирование информационных систем.

1994 год открывает новую страницу биографии профессора. Уалшера Тукеева приглашают в КазНУ им. аль-Фараби руководить компьютерным центром. Под руководством Тукеева в КазНУ начинает формироваться корпоративная компьютерная сеть и информационная система управления университетом. Параллельно развивается международное сотрудничество с европейскими университетами. Вместе с партнерами из Франции и Германии команда КазНУ получает грант TEMPUS-TACIS. В 2005–2006 годах профессор Тукеев руководит казахстанской частью проекта ЮНЕСКО «Электронные порталы университетов Центральной Азии», результатом которого стало создание портала электронного обучения КазНУ.

Еще одно направление того времени кажется особенно показательным сегодня. В 2005–2007 годах под его научным руководством разрабатывались технологические основы спутниковых информационно-телекоммуникационных систем и их безопасности. Результатом стал опытный образец системы на базе первого казахстанского спутника связи KazSat-1. В 2012–2014 годах под руководством Уалшера Тукеева выполняется проект по разработке технологий компьютерного перевода казахского языка на английский и русский языки и обратно. Используются формальные грамматики и статистические методы. Следующим шагом становится создание в 2015–2017 годах открытой системы машинного перевода на платформе Apertium. В исследованиях участвует международная группа профессора Микеля Форкады из Университета Аликанте в Испании. В 2018–2020 годах Уалшер Тукеев руководит проектом «Разработка и исследование системы нейронного машинного перевода казахского языка». В 2019 году вместе с Ж.М. Жумановым он представляет систему нейронного машинного перевода казахского языка на международном Machine Translation Summit XVII в Дублине.

В этом году профессору Уалшеру Ануарбековичу Тукееву исполняется 80 лет.

И именно этот год Казахстан встречает как Год цифровизации и искусственного интеллекта. В таком совпадении есть особая символика. Когда сегодняшний студент открывает ноутбук и задает вопрос большой языковой модели на казахском языке, за этим простым действием стоят десятилетия исследований: создание вычислительной инфраструктуры, развитие программной инженерии, формализация грамматики, накопление корпусов, разработка морфологических анализаторов, систем машинного перевода и нейронных моделей. Каждое поколение ученых добавляет к этой цепочке свое звено.

Профессор Тукеев принадлежит к редкому поколению исследователей, которому довелось увидеть практически всю эту технологическую эволюцию — от времени, когда компьютер был предметом исследования сам по себе, до времени, когда искусственный интеллект становится повседневным инструментом миллионов людей. Но еще важнее другое: он не просто наблюдал за этой сменой эпох. Он продолжал работать внутри каждой из них.

Диана РАХИМОВА,
PhD, ассоц. профессор

Карлыгаш БАЙШОЛАНОВА,
д.э.н., доцент кафедры информационные системы

Педагогическая практика является важнейшим этапом профессионального становления будущего преподавателя. В этот период магистранты не только закрепляют теоретические знания, но и учатся выстраивать образовательный процесс, управлять аудиторией, формировать академическую дискуссию и применять современные методики обучения. Особое значение имеет готовность молодых преподавателей работать в разных форматах занятий, экспериментировать с методами подачи материала и искать наиболее эффективные способы вовлечения студентов в учебный процесс.

Критический взгляд на ГМО



Сегодня магистрантам важно не ограничиваться традиционной лекционной формой, а пробовать себя в интерактивных форматах — дебатах, кейс-стади, проектной работе, моделировании профессиональных ситуаций, деловых играх. Именно такие подходы позволяют развивать у студентов критическое мышление, аналитические навыки и умение аргументированно отстаивать собственную позицию. В рамках педагогической практики магистранта кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию Байзаковой Нурбике был проведён открытый семинар по дисциплине «Промышленная экология» для студентов 3 курса ОП «Экология». Занятие прошло в формате дебатов на тему «За и против ГМО», что стало примером внедрения активных методов обучения.

В начале семинара магистрант представила теоретический обзор, раскрыв понятие генетически модифицированных организмов, современные технологии их создания и причины, по которым тема ГМО остаётся предметом научных и общественных дискуссий во всём мире. Далее студенты, разделившись на две команды, представили аргументы «за» и «против», осветив историю развития ГМО-технологий, страны-лидеры в данной сфере, наиболее распространённые модифицированные культуры, ситуацию в Казахстане, а также возможные экологические, экономические и социальные последствия внедрения ГМО-продукции.


Каждая команда представила аргументы в пользу и против использования ГМО, опираясь на мировые примеры, научные исследования и реальные кейсы. Студенты отметили, что в сфере производства ГМО-культур нередко доминируют крупные монополисты, что формирует свои экологические и экономические риски. При этом они подчеркнули, что ГМО имеют и определённые преимущества, а во многих странах Европы потребитель сам свободно выбирает, какие продукты покупать — с ГМО или без.

В завершение обсуждения студенты пришли к общему выводу: Казахстан, вероятнее всего, со временем будет развивать технологии ГМО, но не в столь глобальных масштабах, как это происходит, например, в США. Оптимальным путём участники дебатов назвали точечное внедрение биотехнологий — там, где это действительно повышает устойчивость сельского хозяйства и снижает экологические риски. В ходе дискуссии участники продемонстрировали высокий уровень подготовки, умение работать с научными источниками и приводить аргументы, основанные на реальных международных примерах. Обсуждение показало, что формирование сбалансированной позиции по сложным вопросам устойчивого развития требует всестороннего анализа и открытого диалога.

Подобный опыт подтверждает, что магистрантам необходимо активно осваивать разнообразные педагогические форматы, пробовать новые методы работы и развивать собственный стиль преподавания. Это способствует не только их профессиональному росту, но и повышению качества подготовки будущих специалистов в области экологии и устойчивого развития.

Благодарим магистранта Байзакову Н. за инициативность и стремление к инновационным подходам в обучении, а студентов — за активное участие и содержательные выступления.

Корлан ХАМИТОВА
Кафедра ЮНЕСКО по устойчивому развитию



Тамара Шалахметова – биология ғылымының докторы, профессор әрі елімізге танымал көрнекті ғалым. 1975 жылы ҚазМУ-дың биология факультетінің Цитология және гистология кафедрасын тамамдады. Ғылыми жолын КСРО Ғылым академиясының Цитология институтында (Ленинград қ.) аспирантурада жалғастырып, 1981 жылы «Цитология» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. 1989 жылдан бастап Тамара Минажқызының еңбек жолы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен тығыз байланысты. 1999 жылы «Өсіп келе жатқан ағзаға ауыр металдардың гепатотоксикалық әсерінің жасушалық механизмдері» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, 2002 жылы профессор атағын алды.

Жасушалық деңгейдегі іргелі зерттеулерге бағытталған еңбек

Профессор 42 жылдан астам ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар, әріптестері мен студенттер арасында зор беделге ие маман. Ол бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде «Жасуша биологиясы», «Ісік жасушалары», «Діңгекті жасушалар және жасушалық терапия», «Жасушалардың қартаюы және антиэйджинг» сияқты заманауи пәндерді оқытады. Ғалым осы курстар бойынша типтік бағдарламалар мен оқу-әдістемелік кешендердің авторы. Сондай-ақ білім беру бағдарламаларының үйлестірушісі қызметін атқарған. Көрнекті ғалымның жетекшілігімен 6 кандидаттық және 5 PhD докторлық диссертация қорғалған.

Тамара Шалахметова АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия және Австрияның ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткен. Сондай-ақ Ресей ғылым академиясының (РАН) Жасушалық биология жөніндегі ғылыми кеңесінің мүшесі. 300-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде халықаралық рейтингі жоғары журналдардағы мақалалар мен өнертабыстардың авторы. Ғылыми журналдар редакциясының мүшесі: «ҚазҰУ Хабаршысы. Экологиялық серия», «Internatonal Journal of Biology and Chemistry».

Ғылым мен білім беру саласындағы ерен еңбегі үшін 2026 жылы профессор Тамара Минажқызы академик Н.Базанова атындағы медальмен марапатталды.

Т.Шалахметованың ғылыми қызметі жасушалық деңгейдегі іргелі зерттеулерге бағытталған. Ғалым бірқатар ғылыми бағдарламалар мен гранттық жобалардың (іргелі, қолданбалы, халықаралық) жетекшісі. Ол Францияның сыртқы істер министрлігі қаржыландырған және Пьер мен Мари Кюри атындағы университет (Париж, Франция) ғалымдарымен бірлесіп орындалған ECO-NET халықаралық жобасының, сондай-ақ БҰҰ (2008-09 жж.), ХҒТОР (МНТЦ) және БҰҰ тарапынан қаржыландырылған экологиялық жобалардың жетекшісі болды.

Соңғы ғылыми жобаларының бірі – «Қазақстанда кеңінен қолданылатын пестицидтердің (Солито, Гулливер, Рейнбоу) токсикогенетикалық әсерін биообъектілерге зерттеу» (ЖТН AP26101681). Аталған жоба аясында Қазақстанда кеңінен қолданылатын пестицидтердің токсикогенетикалық әсерінің жасушалық механизмдері түрлі тест-объектілер мен заманауи тест-жүйелерді қолдану арқылы зерттеледі.


Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде пестицидтерді қолданудың артуы экологиялық және медико-биологиялық қауіптердің күшеюіне алып келіп отыр. Қолданыстағы нормативтік реттеуге қарамастан, кеңінен қолданылатын препараттардың, әсіресе жаңа әсер ететін заттар мен олардың комбинацияларының токсикалық және генотоксикалық әсерлері жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Әсіресе күріш егістіктері жағдайында және су ресурстарын қарқынды пайдалану кезінде пестицидтердің су экожүйелерінде жиналу ықтималдығы артып, олардың биотаға әсері күшейеді.

Осыған байланысты жобада пестицидтердің токсикогенетикалық әсеріне кешенді бағалау жүргізіледі. Бұл экологиялық қауіпсіздікті ғылыми негіздеуге және оларды қолдану тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Жобаның негізгі артықшылығы – кешенді тәсілінде: пестицидтер мен олардың комбинацияларының токсикалық және генотоксикалық әсерлері зертханалық және табиғи жағдайларда бір мезгілде бағаланады. Зерттеу Қазақстанның нақты агроэкожүйелеріне және өңірде кеңінен қолданылатын препараттарға бағытталған. Заманауи биотесттер мен пәнаралық әдістерді қолдану алынған нәтижелердің сенімділігі мен практикалық маңыздылығын арттырады.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортасының бірқатар басым ластағыштарының (ауыр металдар, мұнай, мұнай өнімдері, пестицидтер және т.б.) токсикогенетикалық әсер ету механизмдері зерттелді. Антропогендік әсерге ұшыраған өңірлерде мекендейтін жануарлар биотоптарының экологиялық жағдайын бағалауға арналған тест-объектілер мен тест-жүйелер анықталды. Алынған нәтижелер негізінде қоршаған ортаны ластайтын өндірістердің экологиялық тәуекелі есептелді.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Термоядролық энергетиканы дамытуды көздейді



Инеш Кенжина – PhD, қауымдастырылған профессор, физика-техникалық факультетінде жетекші ғылыми қызметкер, ядролық және термоядролық энергетика саласының маманы. Ол ядролық және термоядролық реакторларға арналған функционалдық және конструкциялық материалдарды зерттеу бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Инеш Кенжинаның ғылыми қызметі реакторлық эксперименттер жағдайында тритийдің қасиеттерді, термоядролық реакторлардың бридер материалдарын, бериллий интерметалдық қосылыстарын, функционалдық және конструкциялық материалдардағы радиациялық әсерлерді, сондай-ақ сутегі изотоптарының материалдармен өзара әрекеттесуін зерттеуге арналған.

Ғалымның негізгі жетістіктері ретінде Scopus деректер базасында жоғары рейтингті ғылыми журналдарда жарияланған 132 мақаласын атауға болады. Хирш индексі – 20 (Scopus бойынша). Оған қоса, зейінді ғалым халықаралық және ұлттық ғылыми жобаларға қатысады. Бүгінде ол термоядролық реакторларға арналған технологияларды дамыту бағытында, оның ішінде breeding blanket жүйелерін, IFMIF-DONES, CANSKA, SHINE сияқты нейтрон көздерін зерттеу және нейтрондық сәулелену жағдайында тритийдің қасиетін зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Термоядролық энергетика қазіргі энергетиканың дамуының ең перспективалы бағыттарының бірі. Ол экологиялық таза және іс жүзінде сарқылмайтын энергия өндіруді қамтамасыз етеді. Инеш Кенжинаның ғылыми зерттеулері термоядролық реакторларда тритийді тиімді өндіруді, ұстап тұруды және бақылауды қамтамасыз ететін материалдар мен технологияларды әзірлеуге бағытталған. Жүргізіліп жатқан ғылыми жобалар аясында литий құрамды материалдардың қасиеттері, тритийдің генерациясы, миграциясы және бөліну процестері, сондай-ақ нейтрондық сәулеленудің материалдардың құрылымы мен функционалдық сипаттамаларына әсері зерттелуде.

Зерттеулердің ғылыми жаңалығы радиация әсерінен туындайтын процестерді тереңірек зерделеу және материалдардың радиациялық төзімділігі мен функционалдық тиімділігін арттырудың жаңа тәсілдерін әзірлеу арқылы сипатталады. Алынған нәтиженің маңызды практикалық мәні бар және оларды термоядролық реакторлардың компоненттерін жасауға және оны оңтайландыруда қолдануға болады, сондай-ақ ядролық энергетиканы дамытуға әрі технологиялық тәуелсіздік деңгейін арттыруға ықпал етеді. Зерттеулер материалтану әдістерін, сәулелендіру қондырғыларын және есептеу модельдеуін қамтитын заманауи эксперименттік және сараптамалық база негізінде жүргізіледі.

Бұл ғылыми бағыт термоядролық энергетиканы дамытуға, еліміздің ғылыми-технологиялық әлеуетін нығайтуға, сондай-ақ халықаралық ғылыми қауымдастыққа интеграциялануға ықпал етеді.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҰНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №2227

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.